

Алғашқы көмек түрлері



Тексерген: Әділғазы Қ.Ә.

Орындаған: Ахтай А.

Тобы: ПОБ-15-5К

Жоспар:



- **Үсуге шалдығу кезінде алғашқы көмек;**
- **Егер адам күйік алса/ алғашқы жәрдем;**
- **Суға кеткен адамды құтқару кезінде өткізілетін шаралар;**
- **Күн сәулесінен күйю;**
- **Жүрек соғысы тоқтап қалған кездегі алғашқы көмек;**
- **Электр тогы ұрған кездегі алғашқы көмек.**

Үсуге шалдығу кезінде алғашқы көмек



Алғашқы көмек тоңуды тоқтатудан, аяқ-қолды жылытудан, суыққа шалдыққан ұлпаларда қан айналымын қалпына келтіру мен инфекцияның алдын алудан тұрады. Үсуге шалдығу белгілерін байқаған кезде бірінші – **зардап шегушіні жақын маңайдағы жылы жерге апару**, қатып қалған аяқ киімді, шұлықты, қолғапты шешу керек. Алғашқы көмек іс-шараларын өткізумен бір уақытта дәрігерлік көмек көрсету үшін тез дәрігерді, жедел жәрдемді шақыру қажет.

Үсуге шалдығу кезінде алғашқы көмек



ЕГЕР АДАМ КҮЙІК АЛСА/ АЛҒАШҚЫ ЖӘРДЕМ



Күйік оттан, будан, қайнап тұрған судан, химиялық заттардан, күн сәуледен болу мүмкін.

4 дәрежелі күйік болады:

Бірінші және екінші дәрежелі күйікте сұйықпен толтырылған көпіріктер пайда болады. Үшінші және төртінші дәрежелі күйікте тек қана адам терісі ғана емес, сонымен бірге одан да терең тканьдар жарақатталады.

Емделу:

1. Күйік жерін киімнен ажыратыңыз.
2. Күйік жерін суық суға немесе ағып тұрған суық суға салыңыз және ауыр басылғанша солай ұстап тұрыңыз (10 минуттан 30 минутке дейін).
3. Содан кейін күйік жерін матамен немесе басқа таза шүбірекпен орап қойыңыз.
4. Маймен, креммен немесе мазьбен жағуға тиім салынады.
5. Көпіріктерді жармаңыз, әйтпесе оған микроп түсу мүмкін.
6. Егер күйік қатты немесе терең болса, онда оны дәрігерге көрсетініз.

ЕГЕР АДАМ КҮЙІК АЛСА/ АЛҒАШҚЫ ЖӘРДЕМ




Суға кеткен адамды құтқару кезінде өткізілетін шаралар



Алғашқы көмек көрсету

- Зардап шеккенге алғашқы көмекті судан көтеріп, жағаға немесе катерге жеткізгенше көрсету керек.
- Зардап шеккеннің жағдайын толық білу қажет.
- Зардап шеккен адамның әзір есі болса, үстін құрғатып сүртіп, жылы жерге әкеліп, ыстық шәй, кофе немесе шарап беру керек.
- Ал егер, зардап шеккен адам көп уақыт бойы су астында қалып, ессіз жатса, егер ол тұншығып (асфиксия) немесе клиникалық өлім жағдайында болса, дереу дәрігер шақыру керек.
- Дәрігер келгенше уақытты жоғалтпай, зардап шеккенге алғашқы көмек көрсетуді бастау керек; зардап шеккен адамды шешіндіріп, оның ауыз-мұрнын лай-құмнан тазартып, ұртына таза орамалдан істелген білекше немесе кесек ағаш салу керек; тез арада өкпеге жасанды дем беруге кірісу керек.
- Реанимациялық шараларды өздігімен жүрек қызметімен тыныс алуын қалпына келтіргенше жүргізу керек, болмаса шұғыл жәрдем келгенше, өлім белгілері пайда болғанға дейін жүргізеді (бұл жағдайлар 2 сағаттан кейін байқалады).
- Зардап шеккенді шұғыл ауруханаға жеткізіп жедел жәрдемді беру керек. Зардап шеккеннің жағдайына қарамастан, бұл шараларды шұғыл және міндетті түрде өткізу керек.

Суға кеткен адамды құтқару кезінде өткізілетін шаралар



КҮН СӘУЛЕСІНЕН КҮЮ



- Белгілері:

1. Терініздің қызаруы.
2. Температура.
3. Құсық
4. Бас ауру.

- Емдеу:

1. Күйік жерінізге суық матаны қойып, оны жиі ауыстырып отырыңыз.

Ауруды басу үшін аспирин немесе парацетомол ішіңіз

Жүрек соғысы тоқтап қалған кездегі алғашқы көмек:



Егер зардап шегуші кенеттен есінен танып қалса:

- Оны айқайлап шақыру Ол тыныс алып жатыр ма, тез анықтауға кірісіңіз Егер білсеңіз – ұйқы артериясының соғуын анықтаныз. Егер тынысы және тамыр соғуы жоқ болса:
 - Зардап шегушіні еденге жатқызыңыз Жүрекке тікелей емес массаж жасауды бастаңыз:
 - Қолыңызды оның кеуде қуысының ортасына қойып, шынтақты тіктеп кеудесіне 5 см тереңдікте секундына 2 рет қайраттанып басу керек ЖМЖ келгенге дейін үздіксіз жалғастыра беріңіз.
- «Кеудедегі ауырсыну».
 - 1) Науқастың басын көтеріп жатқызу керек
 - 2) Таза ауаның кіруін қамтамасыз ету
 - 3) Тіл астына нитроглицеринтаблеткасын беріп, 3 рет әр 5 минутта қайталау керек
 - 4) Ұзақтығы 15 минуттан көп болса аспирин таблеткасын шайнату керек
 - 5) Барлық жазбаларды, амбулаторлық картасын дайындау қажет

Электр тогы ұрған кездегі алғашқы көмек:

Көмек көрсетуші электр тогы ұрған кісіге жақындамас бұрын, өзінің қауіпсіздігін қамдау керек қуат көзін өшіру, зардап шегушінің денесінен ағаш затпен ток өткізгішті алып тастау және т. б.). Егер қарау кезінде зардап шегушінің ұйқы артериясында пульс жоқ болса, тез арада жүрекке тік емес массаж және жасанды тыныс беру керек. Егер ЕС-түссіз, бірақ тамыр соғып тұрса, басын бір шетке бұрып, аузын тазалап, басына суық басып, сондай-ақ жарақатын таңу қажет.

